**ШҚО ТжКБ жүйесі оқу студенттері арасында арнайы пәндер бойынша 24 қараша күні сағат 9.30да «Зайсан технология колледжі» КММ-де қашықтықтан өткен облыстық олимпиада**

Ереже бойынша 20 қарашаға дейін қатысушылардың өтінімдері қабылданып, 10 колледжден 15 қатысушыға өтінім тіркелді.

23 қараша күні барлық қатысушыға WhatsApp желісінен чат ашылып, сағат 16.00 де олимпиадаға қатысушыларымен жетекшілеріне ZOOM конференциясы бойынша сілтеме жіберіліп, олимпиада ережесімен таныстырылып, қатысушының жұмыс орнын белгілеу, дайындау жұмыстары жүргізілді.






24 қараша сағат 9.30 ға дейін қатысушыларды тіркеу және жұмыс орындарын тексеру жүргілді. Олимпиадаға 9 колледжен 13 қатысушы тіркелді. «Бородулиха колледжінің» 2 қатысушысы орыс тілінде білім алатындықтан, олимпиадаға қатыспады.

9.40 та олимпиаданың салтанатты ашылуы өтті. Колледждің 75 жылдық тарихы мен жетістіктері турады бейнематериалдар көрсетілді.Сөз кезегі техникалық және кәсіптік білім «ШҚО КБ орталығының» әдіскерлерді сүйемелдеу бөлімінің жетекшісі Зәмзәгүл Шаймұхаметовна алғы сөз сөйлеп қатысушыларға сәттілік тіледі.


олимпиадасы
ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!


Дастан Кенжебекұлы
Зайсан технология колледжі




Шығыс Қазақстан облысы Техникалық және кәсіптік білім беру орталығының **"Үздік мекемесі - 2020"** байқауының жеңімпазы атанды. 34 000 000 көлемінде сертификат табысталып, бұл қаражат колледждің МТБ жандандыруға жоспарлануда.







**1-кезең** «Google» нысанында дайындалған арнайы пәндер бойынша тестік сұрақтардың сілтемесі қатысушыларға ашылған WhatsApp желісіндегі чат жіберілді, қатысушыларға 30 минут уақыт берілді.






Тестілеудің қорытындысы демонстрацияланып 2-кезеңге өткен қатысушылар тізімі жарияланды.

13 қатысушының ішінен 8 қатысушы **2-кезеңге** өтті. «Индустрия технология колледжі» және «Самар аграрлық техникалық колледжінен» қатысқан 4 студент тестілеу кезіңінде олимпиада ережесінің тәртібін бұзғандықтан көрсеткен нәтижесі қабылданбады. «Үржар колледжінің» студенті ең төмен балл алғандықтан 2-кезеңге өткен жоқ.










**2-кезең** Тестілеуден жоғары ұпай алған студенттерден бастап ретімен бейне сұрақтар ұяшықтарын таңдалып, қатысушылар бейне сұрақтар бойынша

білімдерін ортаға салып өз деңгейлерінде жауап берді. «Тарбағатай колледжі нің» студенті Дүйсенов Қанат Серікұлына және «Бесқарағай колледжінің» студенті Нұрланбек Қайсарға берілген бейнесұрақтарды дұрыс түсінбей жауап бере алмады,сондықтан комиссия төрағасының шешімімен қосымша сұрақтар қойылды.



10 минут көлемінде Әділ қазылардың кеңесі өтіп, төмендегідей ұпай сандары анықталып, жеңімпаздар жарияланды.

| **№** | **Қатысушының аты-жөні** | **Қорытынды ұпай саны** |
|---|---|---|
| 1 | Данияр Думан | 30,4 |
| 2 | Мұхтарқан Серікбол | 33 |
| 3 | Тоханов Аян | 28,4 |
| 4 | Қабылқақов Батыржан | 39 |
| 5 | Дюсенов Қанат | 14 |
| 6 | Қанатов Сұлтан | 41 |
| 7 | Нұрланбек Қайсар | 24,4 |
| 8 | Сарқытбаев Дамир | 44,2 |

| **Орындар** | **Қатысушының аты-жөні** | **Жетекшісі** | **Оқу орнының атауы** |
|---|---|---|---|
| 1 орын | Саркытбаев Дамир Шалкарұлы | Жумадилов Габдымурат Казыханович | «Үржар колледжі» КММ |
| 2 орын | Қанатов Сұлтан Қанатұлы | Уркимбаев Айдос Тилекович | «Абай колледжі» КММ |
| 3 орын | Қабылқақов Батыржан Жангелдіұлы | Карипчалов Олжас Серікұлы | «Күршім колледжі» КММ |

Барлық қатысушылар мен жетекшілерге сертификаттар дайындалып электрондық почталарына жіберілді. Жеңімпаздар туралы мәлімет «ШҚО КБ орталығына» жіберілді.

**Орындаған**
**әдіскер Ж.З.Кабиева**